



Тақырыбы:

Қолдан сұрыптау және оның
ағзалар селекциясындағы маңызы.

Қолдан сұрыптау түрлері.

ОМ: ағзалар селекциясы үшін қолдан
сұрыптаудың маңызын сипаттау

ОЙЛАН ДА ЖАУАП БЕР:

- **Селекция дегеніміз не?**

Селекция (латынша, selection – таңдау, іріктеу) – өсімдіктер іріктемелерін, жануарлардың қолтұқымдарын және микроорганизмдердің штаммдарын адамға қажетті белгілерімен құру әдістері туралы ҒЫЛЫМ.

Селекция – бұл эволюциялық процесс, онда адам, негізгі әрекет факторы болып, барлық процессті өзіннің қажеттіліктеріне сай бағыттайды.

ОЙЛАН ДА ЖАУАП БЕР:

- **Іріктеме дегеніміз не?**

Іріктеме -сұрыптау нәтижесінде шығарылған және белгілі бір қасиеттері бар, спецификалық белгілері мен қасиеттері бойынша тұқым қуалайтын, өсімдіктер жиынтығы;

- **Қолтұқым дегеніміз не?**

Қолтұқым – бұл бір түрге жататын, шығу тегі ортақ, тұқым қуалайтын спецификалық белгілері бар, тұрақты жануарлар тобы.

Табиғи және қолдан сұрыптауды салыстырып кесте толтырыңыз.

Қолдан сұрыптау мен табиғи сұрыпталудың салыстырмалы кестесі

Қолдан сұрыптау	Табиғи сұрыпталу
1. Егіншілік пен мал шаруашылығы дамығаннан кейін ғана пайда болды.	1. Тіршілік пайда болғаннан бері үздіксіз жүреді.
2. Қолдан сұрыптау адамның араласуымен болады.	2. Көзге көрінбейді, жүруі білінбейді.
3. Малдардың адамға пайдалы жақтарын жақсарту үшін белгілі жоспар бойынша сұрыптайды.	3. Сұрыпталу кезінде организмге пайдалысы қалып, зияндысы жойылады.
4. Өсімдіктерді де пайдалы белгілерін қажетіне жарату үшін сұрыптайды.	4. Табиғи сұрыпталуға адамның ешқандай қатысы жоқ.
5. Қолдан сұрыптаудың жағымсыз жақтары — пайда болған белгілері организмге зиян. Олар табиғатта дәрменсіз.	5. Ортаға жақсы бейімделгендері қалады, бейімделе алмағандары тіршілігін жояды.
6. Жаңа іріктемелер (өсімдіктерде) мен қолтұқымдар (жануарларда) шығарылады.	6. Қоршаған орта мен популяцияда тепе-теңдік сақталады.
	7. Жаңа түрлер пайда болады.

Селекционерлер



Алматылық апорт



Әйел саусақтары



Орман сұлуы

Табиғи сұрыптау формалары

```
graph TD; A[Табиғи сұрыптау формалары] --> B[Жаппай сұрыптау]; A --> C[Жеке сұрыптау]; B --> D[Сұрыптау өсімдіктер және жануарлар популяцияларында сыртқы, фенотиптік белгілер арқылы өткізіледі.]; C --> E[Адамға қажетті белгілері бар жеке дарақ таңдалып, одан ұрпақ алынады.];
```

Жаппай сұрыптау

Сұрыптау өсімдіктер және жануарлар популяцияларында сыртқы, фенотиптік белгілер арқылы өткізіледі.

Жеке сұрыптау

Адамға қажетті белгілері бар жеке дарақ таңдалып, одан ұрпақ алынады.

РЕФЛЕКСИЯ

1. Нені білдім? Нені үйренді



2. Не түсініксіз қалды?



3. Немен жұмыс істеу қажет?

